

Теез маркетплейсі іске кірісті
2-бет

Табанды еңбек табысқа жетелейді
5-бет

Тастаяқ шеберлері анықталды
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 30 ҚАРАША, 2024 ЖЫЛ №135 (23 457)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

• ДЕНСАУЛЫҚ

Білікті болу – уақыт талабы

Жалпы практика дәрігерлерінің біліктілігін арттыру мәселесіне соңғы уақыттары ерекше назар ауды. Бұл, әсіресе, мамандандырылған көмек қолжетімсіз немесе қолжетімділігі төмен жағдайларда маңызды. Сол арқылы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету сапасы да артатын болады.

Денсаулық сақтау министрінің төрағалығымен өткен ведомство алқасының кезекті отырысында осы және басқа да өзекті мәселелер талқыланды. Министр Ақмарал Әлнарарова 2025 жылды – «Біліктілікті арттыру жылы» деп жариялады. Бұл – медициналық-санитариялық алғашқы көмек қызметінде жалпы практика дәрігерлерінің қузыретін одан әрі күшейту және өңірлерді білікті медициналық кадрлармен қамтамасыз ету үшін қабылданған шара.

– Біліктілікті арттыру тек медицина қызметкерлеріне ғана емес, сонымен қатар, жоғары оқу орындары мен колледждердің профессорлық-оқытушылық құрамына да әсер етуі тиіс. Жұмысқа кірісетін жас мамандар үшін тәлімгерлікті бейімдеу және дамыту мәселесін пысықтау қажет, – деп атап өтті министр.

Осы бағыт шеңберінде практик дәрігерлер мен жалпы практика мейіргерлері үшін қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, интерндер мен резиденттердің, болашақ мейіргерлердің білім беру бағдарламаларында практикада цифрлық технологиялар мен электрондық медициналық жүйелерді пайдалануды көздеу, «Жалпы дәрігерлік бағдарлама (Отбасылық медицина)» мамандарын даярлау бойынша интернатура мен резидентураның білім беру бағдарламаларын өзектендіру тапсырмалары берілді.

Биыл жоғары оқу орындарында 9 мыңнан астам жалпы практика дәрігерлері оқытылды. Бұл дәрігерлердің жалпы санының 78%-ын құрайды. Аймақта бүгінгі таңда медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін 37 ұйым бар. Оның 22-сі мемлекеттік болса, 15-і жекеменшік. 662 жалпы практика дәрігер еңбек етуде.

Өз тілшімізден

Халық аманатына адал институт

Биыл Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына – 30 жыл. Осы күндері айтулы оқиғаға орай республика бойынша түрлі шаралар өткізілуде. Қарағанды облысында «Мәслихаттар тарихының 30 жылдығы. Қалыптасу және даму жолы» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Онда Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, түрлі деңгейдегі мәслихаттардың барлық шақырылым депутаттары, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдері, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бас қосты. Өңір дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жандар бас қосуда мәслихаттардың құрылу тарихын еске алды, қазіргі қоғамдағы орын сөз етті, болашақта атқарар істерді талқылады.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстел модераторы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару ака-

демиясының Қарағанды облыстық филиалының директоры Серікжан Байбосынов жиналғандарды мерейлі күнмен құттықтап, алғашқы сөз кезегін облыстық мәслихаттың төрағасы

Нұркен Кобжановқа берді.

– 30 жыл бұрын тарихи маңызы зор сайлау – мәслихаттар сайлауы өтті. Бұл – мемлекетіміздің демократияға өтуін жеделдетті, себебі, еліміз-

дегі алғашқы бәсекеге қабілетті сайлау болды. Мәслихаттарға жергілікті халықтың еркін білдіретін және өз қызметін дербес жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өкілеттіктері берілді. Алғашқы жылдары облыстық мәслихаттың депутаттары жергілікті билік өкілдерімен бірлесе тұрғындардың мәселелерін шешу жолдарын іздеді. Осылайша депутаттар шындалды, – деген Нұркен Сайфилинұлы осыдан 30 жыл бұрын жағдай қалай болғанын тілге тиек етті.

– Облыстың 1994 жылға арналған бюджеті 3 миллиард теңгені құрады, – деді ол. – Салыстырып көріңіздер, облыстың биылғы бюджеті сегіз жүз миллиардтан астам теңгені құрайды. Қаншалықты күрделі жағдайда да, бюджет әрдайым әлеуметтік салаға басымдық беріп келеді. Әлеуметтік салаға қаражаттың 50 пайыздан астамы бағытталады. Біз 30 жыл ішінде қандай өсім болғанын көріп отырмыз. Сөзсіз, өңір өзгерді, біз бұған куәміз. Бұл өзгерістердің бәрінде барша депутаттың еңбегі бар екенінде шүбә жоқ.

Нұркен Кобжанов мәслихаттардың қайнар көзі болған, қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан, сара жол салған Серік Кәрібайұлы, Сұлтан Қапарұлы, Қасымбек Медиұлы, Бейсембай Қуанышұлы, Нұрлан Орынбасарұлы, Рысқали Қалиқабарұлы, Серік Балғатайұлын ерекше атап өтті.

► 4-бет

• БАСПАСӨЗ – 2024

Айқын ақпараттың көзі

Көз ілеспес шапшаңдықпен құбылып, ұстараның жүзіндей аударылған замана тамырын басып, жаңадану толқынында ұлттық тіл мен ділді жоғалтып алмас үшін, мемлекетіміздің қоғамға деген әлеуметтік-экономикалық ілгері саясатына зер сала отырмақ үшін әрқайсымызға сауатты ақпарат көзін серік ету қажет.

Бұл заманда жолсапарға билет, дәрігер қабылдауына тіркелу, көңілің қалаған дәм-ауқатты үйге алдыру секілді қызметтердің бәрімен есеп айырысу қолындағы смартфон арқылы әп-сәтте атқарылатын болды. Дүниенің төрт тарабындағы жаңалықтан да смартфон желілері арқылы хабар алуға болатын шығар, алайда әлдебір маңызды жайт туралы ақпараттың атың жалында, түйенің қомында жүріп шолғаныңызда, ештемеге тұшынып-түйсінбейсіз, тек тиын-тебен түсіру тәсілін тапқан блогерлер сауатының деңгейінде ғана тұздықты ақпар аласыз.

Ал, фотониллюстрациямен ашылатын алғашқы бетінде қысқа-нұсқа жаңалық, хабар-ошар орналасатын газет-шіркіннің ішкі парағы – маман журналистердің оқырман үшін қайнауын жеткізіп, тақырыбын айқындап, тілдік норма мүмкіндіктерін мәдениетті қолданып, жариялайтын алуан материалына тұнып тұрады ғой! Газет, журнал жаздырып алудан әлдебір себеппен қол үзіп кеткен оқырмандарға айтарым – жоғалтқанымен табысатын кез келді, жаңаша форматта, уақыт талабына сай өрлеңіп шыға бастаған газетіңізге оралыңыз! Аңғарар болсақ, оқуды тоқтатқан жанның әр нәрсені пайымдауы, пікірлесу дағдысы қасанданып, сөйлеу тілі шү-



барланады, смартфоннан көз алмайтын жарандардан шала-шарпы естіген мағлұматты дұрыс ұрпа алмай, басқаға да бұрыс таратады. Міне, кітап оқудан, баспасөзден, теледидардан алшақтаған, алайда әсіре-қызыл ақпар-аянға құмар кейбір жанның құлды бір хат танымайтын кісідей, «сөйтті деп естідім, сөйдепті ғой, рас па?..» деп, мына интернет заманында орманнан шыққан жабайдай бей-мағлұмданып, «фейк» тарататынына ұяласын!

Қазіргі газеттерде фототехникалық мүмкіндік мол болғандықтан, айшылық алыстан да, өз ауылымыз бен қаламызда өткен іс-шарадан да ізінше ақпарат жеткізумен қатар, фотоға кең орын береді – фотоақпараттың кейбір жайтты көрнекі жеткізетінін еске-реді. Газетші қаламгерлер де, бас-

пасөзімізге атсалысушы тарихшы, зангер, ғалымдар да кеңестік саясат жылдары айтылмаған тарих шындықтарын, өткен ғасырымыздың кірісінде, сондай-ақ шығысында орын алған, алдағы кезеңге сабақ болар жайттарды уақыт талабына сай, тәуелсіз республикамыз оқырманы үшін көсемсөз-көркем тілмен жалғанның жарығына шығарып басуда. Мамандығым – газет журналистикасы, айналдырғаным – редакторлық қызмет, саналы жұмырым өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріне, өнері мен әдебиет-мәдениетіне араласумен өткен соң газет қарамай, кейінгі толқын әріптестер жұмысын сынамай тұра аламын ба?! Мен ғана емес, туып-өскен ортасының тағдырына немқұрайлы қарамайтын әрбір көзі ашық, зиялы жанға газет-журнал парақтау

тән болуы жөн. Жылда жаздырып алатын «Ortalyq Qazaqstan» қараған сайын байқайтынмыз – білім-қарыммен іріктелген жаңа ұжым ресми тіл үзінбесін да, көркем тіл байлығын да әйбат ментергенін оқырманға ұсынған әр материалмен байқатады. Әлдебір уақыт ағымында газеттен қол үзіп кеткендеріңіз болса, қалірімді жамағат, жыл соңына дейін (үйден шықпай-ақ Kaspi QR арқылы) сайдың тасындай мамандар қолынан шығатын газетке 2025 жылға жазылуы ұмытпағайсыз.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустриальная Караганда» газеттері – ұлттық тарихымызға еркін бойлап, жерсу атауларын қалпына келтіріп, көңілдегі түйткілімізді, ұрпақтарымызға көкейін тескен мәселелерді ортаға салып, пікірлесуге, соған бірлесе жауап іздеуге қолайлы қоғамдық трибунамыз. «Ақпарат ғасыры» атанған осы заманда әр отбасына қаншама рухани, ұлттық дүниетаным ұсынатын облыстық газетті тұтас бір жылға рәсімдеу бағасы дүкенге оны-мұны сатып алуға бір барғаныңызда жұмсап жіберетін бес-он мың теңгеніңден де төмен. Жазылуың басқа да жеңілдікті шарттары «Ortalyq Qazaqstan» бірінші бетінде ылғи жарияланып жүр.

Назипа АСҚАР, ардагер журналист

«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ



ARҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН (АУЫЛ) (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 541.16

• USD/KZT 513.00

• RUB/KZT 4.69

• CNY/KZT 70.75

Қазақстан Ұлттық Банкінің 29 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша



• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Teez маркетплейсі іске кірісті

Кеншілер шаһарында жаңа қазақстандық Teez маркетплейсі өз жұмысын бастады. Маркетплейстің негізгі артықшылығы – барлық тапсырысты бір күнде жеткізуде. Тапсырыс беру пункттері еліміздің 24 қаласында ашылған. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев электрондық сауда алаңының бірінші қоймасына ат басын тіреді. Қонақтар барлық логистикамен танысып, іске қосу нәтижелері мен мамандардың алдағы уақыттағы жемісті жоспарларын тыңдады.



– Қазір бізде 40 тапсырыс беру пункті бар. Қазақстанның 24 қаласында өкілдіктеріміз арқылы қызмет ұсынамыз. Алдағы уақытта 127 тапсырыс беру пунктін ашып, 30 қаланы қамту жоспарланп отыр. Тұтынушылық қосымшамыз да құрылды. Қазіргі уақытта оны 170 мың адам жүктеп алып үлгерді. Жүктеу жылдамдығы бойынша қосымшалар екінші орынға ие болды, орта есеппен күніне 15-20 мың адам. Қазірдің өзінде 540 сатушы тіркеліп, біздің алаңда өз тауарларын сататын 20 мыңға жуық жеке кәсіпкердің қарточкалары жасады. Өнім ассортименті – 50 мың атау, – деп атап өтті Teez негізін қалаушы Линар Хуснуллин.

Қазір аталған компанияда 245 адам жұмыс істейді. Болашақта 8 мың жаңа жұмыс орны құрылып, шағын және орта бизнес қолдау алады деп жоспарлануда.

Жобаның басталғанда бірінші қойма жалпы ауданы 25 мың шаршы метр аумақта төрт ғимаратта орналасқан. Ал, 2030 жылға қарай 120 мың шаршы метр алаңда өз үй-жайларын салуды жоспарлап отыр.

Бұдан бөлек, болашақта компания интернет-коммерция қосымшаларымен байланысқа шығуда.

– Соңғы жылдары электрондық сауданың күрт өскенін көріп отырмыз. Алғашқы 10 айдың қорытындысы бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көлем 20% өсті. Абсолютті түрде бұл сома 3 трлн теңгенде асады. Мұндай жобалар экономикаға, тұтынушылар үшін тауарлардың қолжетімділігіне оң әсер



ететінін айта кету керек, – деді Арман Шаққалиев.

Министр географиялық жағдайды, инфрақұрылымды ескере отырып, Қарағанды облысы қазақстандық тірек сауда-логистикалық орталық болуымен қатар, Орталық Азия хабына айналуы мүмкін деп есептейтінін жеткізді.

Арман Шаққалиев аймаққа жұмыс сапары аясында бірқатар сауда нысандарын аралады. Одан бөлек, Осакаров ауданында бизнес өкілдерімен және тұрғындармен кездесті. Мұның барлығы кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа құралдарын түсіндіруге бағытталған.

Министр ауылдың дүкеніне және қаланың жердегі ірі супермаркетке барған кезде отандық тауарлардың сөрелерге орналасуына қызығушылық танытты. Ол жұмыртқа сататын бөлімге де кіріп көрді.

Сатып алушыларға тауарды таңдап алуға мүмкіндік мол екенін көз жеткізді. Оның ішінде,

өндірушінің бағасы бойынша сатылатын да тауар бар екенін атап өту керек. Атап айтсақ, С1 санындағы он дана үшін 470 теңге.

Сондай-ақ, Арман Шаққалиев «Қарағанды Нан» корпорациясының жұмысымен де танысты. Компания нан, макарон, жұмыртқа және басқа да өнімдер шығарып, Арқадағы елдің сұранысын қанағаттандырып келеді.

Облыс пен ел нарығын азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, көрші елдерге де экспорттайды. Жұмыртқалары Ауғанстанға жеткізіледі.

Сонымен қатар, Global City СОО-ға барған кезде сауда және интеграция министріне ірі көтерме саудагерлерге арналған тауарларды сақтауға арналған қойма кешені көрсетілді. Кірме жолдар мен кенедік бақылаудың жеке аймағы да бар екенін атап өту керек.

Өз тілшімізден
Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Басымдық – негізгі секторда

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIX сессиясының күн тәртібінде бірқатар мәселелер қаралды. Олардың негізгісі – облыстық мәслихаттың бытырғы жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының №119 «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сессияны облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Қобжанов жүргізіп, негізгі мәселелерге тоқталды, регламентін белгіледі. Қаржы басқармасының басшысы Людмила Башаринаның айтуынша, республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер сомаларының өзгерістері ескерілді. Шешім бойынша бюджеттің басым бөлігі – 64,1%-ы экономиканың нақты секторына бағытталмақ. Бұл қаражатқа жылғы маусымның үздіксіз өтуін қамтамасыз етіліп, ауыз су бойынша шығындарды субсидияланады және су құбыры желілерінің құрылысы мен реконструкциясы аяқталады. Сондай-ақ, шағын және орта бизнесті, агроөнеркәсіпті қолдау, әлеуметтік маңызы бар маршруттар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау, ормандарды қорғау және ветеринария саласындағы шаралар, әлеуметтік сала және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту көзделген. Әлеуметтік салаға бюджеттің 27,8%-ы бөлінді. Жыл соңына дейін білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт объектілерін ұстау, мемлекеттік шығармашылық тапсырыстарға іске асыру, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, сонымен бірге, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсетілетін болады. Бұдан бөлек, бюджеттің 7,6%-ы ішкі құрылымдарды қолдау мақ-



сатына бағытталды. Сонымен қатар, 19 елдімекеннің әкімін сайлау жұмыстарына да қаражат қарастырылған. Бұл ретте шығындар ретінде коммуналдық қызметтерді төлеу, «Жұмыспен қамту бағдарламасы» аясында қоғамдық жұмыстар бойынша еңбекке қабілетті азаматтардың жұмысқа орналастырылуына қолдау көрсету, орман мекемелері қызметкерлерінің жалақысын арттыру, денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуді жалғастыру, Бұқар жырау ауданында спорт объектісінің құрылысын аяқтау, ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны ұлғайту үшін 2023 жылы берілген микрокредиттер бойынша сенім білдірілген агенттің қызметтерін көрсету, эпизоотияға қарсы іс-шараларды

өткізу, облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар және басқалары есепке алынды. Сондай-ақ, бөлігін қаражат аясында облыстық бюджеттік бағдарламалардың жекелеген әкімшілері ішінде қаражатты қайта бөлу және бюджеттік бағдарламалардың облыстық әкімшілері бойынша қаражатты азайту ескерілді.

Сессия отырысында сонымен қатар, депутаттар Қарағанды облысын басқару сызбасын бекітіп, облыс әкімдігінің дербес құрамындағы өзгерістер мен терроризмге қарсы және ономастикалық комиссиялардың құрамы келісілді.



Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тыйылмай тұр

Қарағандыда екі жыл бұрын отбасына көмек көрсетудің бірінші орталығы ашылған болатын. Бұл орталықтың құрылуына облыс әкімдігінің қолдау жасағанын атап өту қажет. Полиция департаменті арқылы жасалған орталық содан бері жұмыс істеп келеді. Оның жұмысы кешенді негізде. Яғни, тұрмыста зардап шеккендерге бір жерден құқықтық, әлеуметтік және психологиялық көмек беріледі. Осы орайда аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұл тәжірибені басқа қалаларда да қолдануды міндеттеді.

Облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссия тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске қатысты пікір алмасып, ондағы маңызды мәселелерді тағы да талқыға салды.

Баршаға мәлім, елде соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді. Ол арнайы заңда да көрініс тапты. Дегенмен, бұл проблема қоғамда тұп-түпқиянымен толығымен жоғалып кеткен жоқ.

Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Қайырбек Шәкенов отбасында жанжал шығаратындардың жиі әкімшілік қамауға алынатынын атап отыр. Оның айтуынша, күнделікті өмірдегі әр-



бір екінші зорлық-зомбылықтың орын алуына адамның масаң күйі себеп. Көбінде ерлі-зайыптылардың екеуі де ішімдік ішеді екен. Соның салдары отбасындағы зорлық-зомбылыққа әкеп соқса керек.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетіледі. Агрессорға қатысты әкімшілік немесе қылмыстық жаза қолданылады. Бірақ, мінез-құлқты психологиялық тұрғыда түзету де мамандары да жанжал шығарушымен жұмыс істеуі керек, – деді Қайырбек Шәкенов.

Бұдан бөлек, бұл істе Мемлекеттік

және уәкілетті органдар арасында уақытты ақпарат алмасуға қатысты да проблема бар. Облыс әкімі бұл мәселені шешуді тапсырды.

– Өткен жылы Отбасыларды қорғау және көмек көрсету жөніндегі бірінші орталық ашылды. Бұл оң нәтиже берді. Теміртауда, Балқашта және басқа да қалаларда осындай орталықтар құру қажет. Шығындар аз, ал, пайдасы зор, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, комиссия отырысында ойын-сауық орындарында құқықтық тәртіпті

қамтамасыз ету талқыланды. Әдетте қылмыстық әрекеттер таңғы сағат 4:00, 5:00-ге дейін жұмыс істейтін дәмханалар мен барларда жиі орын алатын көрінеді.

Биыл полиция бөлімдеріне олардың аумағында түрлі құқық бұзушылықтар бойынша 2,5 мың хабарлама келіп түсті. Кейбірінде қылмыстық істер қозғалса, қайсыбіріне әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылған. Құзырлы орындар тәртіп бұзу себептерінің бірі – кәсіпкерлердің мекеме күзетшілерінің жұмысына немқұрайлы қарауы дейді. Мамандандырылған күзеті бар ұйымдарда қылмыстар аз орын алатын көрінеді. Сонымен қатар, ондай орындарда дағдылары мен тәжірибесі жок адамдар жұмыс істейтін де, күзетшілер тарапынан да даулы жағдайлар туындайтыны назардан тыс қалмады. Сондай-ақ, ойын-сауық мекемелерінің қауіпсіздік рейтингін ашық түрде жариялау да ұсынылды.

ІІМ ойын-сауық орындарының жұмысын түнгі сағат екіге дейін, ал, олардағы алкогольдік ішімдіктерді сатуды сағат 23:00-ге дейін шектеу туралы заңнамаға түзетулер әзірледі. Бұл жоба Мәжіліс депутаттарының талқысында.

Комиссия отырысында талқыланған тағы бір мәселе – коммуналдық-тұрмыстық көмірді сатудағы көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл. Жағдай туралы Экономикалық тергеу департаментінің



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тергеушісі Қонысбек Ахметов баяндады.

– Жергілікті атқарушы органдар мен ірі көмір операторларымен орнатылған өзара іс-қимылдың арқасында біз биылғы жылғы маусымға кіруді қиындықсыз және артық дүрбелеңсіз өткіздік. Біздің ұсыныстарымыз негізінде бірқатар практикалық шешімдер қабылданды, оның ішінде, теміржол вагондарының өткізу қабілеті күшейді, туниктердің тәулік бойы жұмыс істеу тәртібі енгізілді, қосымша салмақ өлшеу пункттері ашылды. Қажетті іс-шаралардың жол картасы әзірленіп, бекітілді, тұрақты жұмыс істейтін ведомстваралық жұмыс тобы құрылды, – деп атап өтті ол.

Облыс әкімі алыпсатарлықты болдырмау үшін көмір бағасын қадағалауды тапсырды. Сонымен қатар, отынның сапасын бақылауды талап етті. Себебі, тұтынушылар сапасыз көмірдің жылуына шағымданады.

Өз тілшімізден

● ӨЗЕКТІ

Ерлан ҚАРИН: Толғақты тақырыпта Ұстамдылық қажет

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин қоғамдық пікірталас атуалысында арагидік өрбіп қалатын «Аттап кетуге болмайтын шек» турасында тағы бір мәрте еске салды.



ERKANAT KENCESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Qazaqstan ұлттық телеарнасының «Бас тақырып» атты бағдарламасына мейман болып, берген сұхбатында Ерлан Тынымбайұлы журналист Еркнат Көпжасарұлының «Аттап кетуге болмайтын шекті» сақтауға шақыру, сайып келгенде, цензураны енгізу әрекеті ретінде қабылданады ма?» деген сауалына «Билік өз принциптері туралы ашық айтуы керек!» деп нақты жауап қатты.

Қоғамдық пікірталастарда ұстамдылық пен тепе-теңдік сақтау – әрбір азамат үшін аса мәні терең міндет. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин осы ұстанымды елдің тұрақтылығы мен бірлігін сақтаудың басты негізі деп санайды. Оның пікірінше, «Аттап кеткісіз шек» ұғымы – бұл тек жалаң шектеу емес, азаматтық мәдениетті, диалог пен өзара түсіністікті дамытуға шақыру амалы. Аталған сыралғы сұхбатта Ерлан Тынымбайұлы қоғамдық келісім кейпі мен жауапкершілік туралы тұжырымдарын тереңрек тарқатып, Қазақстанның демократиялық құндылықтары мен этносаралық татулықты сақтаудың маңызды ерекше баса белгілеп өтті. Қоғамда пікір алуандығының болуы – оның дамуының көрсеткіші. Алайда, қалтарыста бұғып жатқан бір анық ой болсын, әрбір пікір мен әрекет ортақ құндылықтардың саф қалпын бұзбай, қоғам игілігіне қызмет етуі қажет-ақ. Елге-зек әлеуметке тұрақтылығы мен келешегі үшін қоғамдық диалогтың мәдениеті мен жауапкершілігі басты назарда болуы тиіс. Бұл – ұлттымыздың кемелдену жолындағы үлкен кадам, әрі кемел де ортақ келешекті жарқын етудің бірден-бір кепілі.

Жалпы, қым-қуыт қоғамда осы қағидаттарды жұртшылықтың түсіне білетініне әрі қолдау табарына өз басым бек сенімдімін. «Аттап болмайтын шек» цензура емес, шектеу де емес! Тағы бір мәрте қайталаймын, бұл тек қоғамдық қайсібір пікірталаста мейлінше ұстамдылық пен тепе-теңдікке шақыру үрдісі. Әсіресе, этносаралық қатынастар, тіл және дін тақырыптары. Сондай-ақ, сыртқы саясат мәселелері сияқты «сезімтал» көзтаным ойлар. Рас, көптеген мемлекеттер осындай құбадүмбіл тақырыптар шеңберінде әсіре саясаттандырылған дауларға қатысты дағдарысқа ұшырағаны жасырын емес, – деп тұжырым ойын Мемлекеттік кеңесшісі. – Біздің қоғам гетерогенді. Өзді өзіміз алуан-алуан пікірлердің кен плурализмі, ашық демократия орнауын қаладық. Егер әр түрлі пікір алаңында әркім жалаң эмоцияға бой алдырған болса, кез келген мәселені шамадан тыс саясаттандырса, қоғамды қақ бөліп, азаматтарды бір-бірі-

не қарсы қойса, сол қоғамның өзі де зиян шегері – қасқайған ақиқат.

Еске салайық, бұған дейін де Ерлан Қарин қоғамдық алаңға қатысушыларды, блогерлерді, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін, азаматтық белсенділерді, сарапшыларды және өзгесін қоғамдық мінез-құлықтың белгілі бір нормаларын ұстануға үндеген болатын.

Оның айтуынша, «деструктивті әрекеттерден ғана емес, кез келген арандатушылық, жанжалды риторикадан да барынша аулақ болу керек». Сөзінің соңында Мемлекеттік кеңесші қазақстандық қоғам үшін үш қатерлі тақырыптың астын сызып көрсетті. Бұл – этносаралық қатынастар мен тіл төңірегі, діни қатынастар және сыртқы саясат мәселелері.

Ерлан Қариннің озық ойы мен келеді көзқарасына қуанып отырмын! Бұрнағы сұхбаттарында елдік идеология тұрғысындағы көзқарасы сәл өзгеше-леу секілді көрініп еді. Асылы, дәстүр, тіл, дін сынды тамырлы бағыттар аясында балабақшадан бастап, төл дүниетаныммен тәрбиелер өміршен бағдарламалар жасау қажеттігі туындайды. Қарапайым қазақ тілінде оқыту үдерісі, ата-ананы құрметтеу, отбасы құндылығы, ақсақалдар кеңесінің жұмысын жандандыру, әжелер қауымдастығы сынды бағыттарды жандандыратын маңызды. Өйткені, не болса, негізден, отбасынан екендігі шындық. Өнегелі отбасынан шыққан жан аймағын кейіске салмайды, – деп пікір білдірді қоғам белсендісі Жанарбек Орымбаев.

Сонымен, Ерлан Қариннің бұл мәлімдемесі байтақ еліміздің тұрақтылығы мен ынтымағын сақтау жолында біртұтас азаматтық қоғамның жауапкершілігін және бір еске салғандай. Әрбір азаматтың сөзі мен іс-әрекеті қоғамдық келісімнің берік болуына ықпал етуі қажет. «Аттап кеткісіз шек» ұғымы тамтығы шыққан цензура емес, керісінше, азаматтық мәдениеттіліктің, ұстамдылықтың және ортақ құндылықтарды қорғаудың көрінісі екенін түсінген ләзім. Ойға сергек болуды астарлап аңғартқандай. Әсіресе, ұрымтал тұстарда тепе-теңдік пен өзара құрметті сақтау – әрбір әлеуметтің кемелденуінің көзайым көрсеткіші. Ел бірлігі әрбір тұрғынның ықтиярына салынған қасиетті таңдау. Осыны байыптап бағалай жүріп, өзара сыйластық пен диалогты дамыту жолымен ғана біз демократиялық құндылықтарды нығайтып, болашағымызды баянды ете түсеміз. Ерлан Тынымбайұлының үндеуі баршамызға ой салып, ортақ мүдде жолында бірігуге шақырады.

Сурет ашық дереккөзінен

● «АУЫЛ АМАНАТЫ»

Қайта өңдеуде өріс кеңейеді

«Ауыл аманаты» жобасын іске асыруда ауыл әкімдерінің ролі артуы тиіс. Бұдан басқа, ауыл кәсіпкерлері мен кооперативтері өндіретін өнімдерді өткізуді жолға қоюда көмек қажет.

Бұл туралы Аманат партиясының Қарағанды облыстық филиалында өткен семинар-кеңесте айтылды. Оған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Аманат партиясының хатшысы Елдар Жұмағазиев қатысты.



«Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған. Жоба іске асырыла бастағандан бері облысы-

мызда мал шаруашылығын және ауыл тұрғындарының бизнес-бастамасын қолдауға жалпы сомасы 3,8 млрд теңгеге 494 шағын несие

берілді. Бұл 686 жұмыс орны мен 60-тан астам ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруға мүмкіндік берді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Биыл республикалық бюджеттен ауыл тұрғындарының бизнес-бастамаларын одан әрі қолдауға қосымша қаражат түсті. 155 ауылдық округте скрининг жүргізіліп, әрқайсысы үшін бағыттар анықталды. Талдау негізінде зәкірлік кооперативтер құру жоспарлануда.

Семинар-кеңесте проблемалар туралы да айтылды. Жұмысты тежеп отырған себептердің бірі – өнім сатудың жүйесі ақауы. Ауыл шаруашылығы кооперативтері деңгейінде сүтті қайта өңдеуді ұйымдастыру ұсынылады. Елдар Жұмағазиев мобильді вагондар арқылы өнімді сатудың мысалын келтірді.

– Мемлекет басшысы халықтың табысын арттыру бойынша нақты міндет қойды. Бұл ауыл және аудан әкімдері үшін негізгі индикатор, – деп атап өтті Аманат партиясының хатшысы. – Әлеует зор. Талдау көрсеткендей, қазір қаражаттың көп бөлігі мал сатып алуға жұмсалған. Келесі жылдан бастап, қайта өңдеуге басымдық беріледі. Біз әрбір ауыл әкімінің тұрғындарға шыға алатын өз даму бағдарламасы болатын деңгейге қол жеткізіміз келеді. Бұл салық салынатын базаны ұлғайту үшін ауыл экономикасын қай бағытта жүргізу керектігі туралы болжам болады.

Тағы бір міндет – мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету, осылайша олар өз істерін ашып, тұрақты табысқа ие бола алады.

Жоба қатысушылары өздерінің табысты тәжірибелерімен бөлісті. Мысалы, Абай ауданының тұрғыны Надежда Елікбаева 4 млн теңге несие алып, өзінің жылыжай шаруашылығын құрған. Биыл ол көкөністерден жақсы өнім алып, өнімді толығымен сатқан. Болашақта кәсіпкер көкөніс қоймасын салып, қайта өңдеумен айналысқысы келеді. Надежданың айтуынша, бір жыл мерзімге кредиттік демалыс ол үшін жақсы қолдау болды, бұл өндірістік қуатқа шығуға мүмкіндік берген.

Үздік ауыл кәсіпкерлері сертификаттармен марапатталды.

Ал, көрмеде қазірдің өзінде шығарылып жатқан өнімдер ғана емес, қолда бар жобалар да көрсетілді. Мысалы, Шет ауданынан келген Нұртілек Бектұрсынов өзінің аяқ киім цехын ашықсы келеді. Мамандығы бойынша ол жұмыс тәжірибесі бар технолог. Өз ауылында Қызылқой аудан әкімінің грантына аяқ киім жөндеу шеберханасын жабдықтаған.

Басқа да бизнес-идеялар бар. Ақтоғай ауданының мұғалімі Әлия Бегетаева Бегазы киелі жерінен алынған жергілікті шикізаттан му-мия өндіру жобасын ұсынды.

Өз тілшімізден

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Аманат партиясының хатшысы Елдар Жұмағазиев және облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов. 2. Семинар-кеңесте қатысушылар. 3. Ақтоғай ауданынан жоба ұсынушы Әлия Бегетаева.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Еңбегіне қарай өнбегі

Аудан экономикасының негізгі саласының бірі – ауыл шаруашылығы. Бұл ретте, саланың дамуына көңіл бөлініп, ауылдағы ағайынның әлеуметтік саласы қоса дамып, осы бағытта тұрғындардың кәсіпін айналысуына барлық жағдай жасалуда. Кейінгі жылдары Ақтоғай ауданында егін шаруашылығы жолға қойылып, оң нәтиже бере бастады. Бұл – жылдағы дәстүр. Биыл бітік астық шықты. Дикандардың айтуынша, оған Табиғат-ана да септесіпті.



НҮРЛОС КӨРИМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы жылы Ақтоғай ауданының Қызылжар ауылдық округіне қарасты «Ерасыл» шаруа қожалығы орташа өнім алу көрсеткішін жаңартып, әр гектардан 25 центнерден бидай алып отыр. Осымен екінші жыл бидай мен арпа еккен шаруа қожалығы Қостанай облысынан жоғарғы сапалы тұқым алып, жерге дер уақытында сіңірген. Нәтижесі

кытылы көңіл бөліну керек. Бір қуантарлығы өңірде дақыл тұқымына қатысты мәселе болған жоқ. Себебі, өзіміздің еліміздегі шаруашылықтар да бүгінде жоғары

де жаман емес. Бидай да, арпа да мол өнім беріпті. Әр гектарынан 30 центнерден арпа алған көрінеді.

– Әрине, жерге тұқымды тастадың, әрі қарай дақыл өзіңінен өспейтіні тағы бар. Оның суынан бөлек, тұқым дайындауына, күтіміне, түрлі аурудан қорғайтын дәрісіне, тыңайтқыштарына уа-

сұрыпты тұқым дайындауды қолға алғанына бірнеше жыл болды. Ауыл шаруашылығына қажетті жер жыртатын, қоспатын, тырмалайтын, тұқым себетін, суаратын, әр түрлі арашөптерді жою-тын, егінді жинайтын, кептіретін техникаларды сатып алдым. Келесі жылы қойманы сатып алып, егістік



алқапты кеңейтуді жоспарлап отырмын. Жакында конкурс арқылы 160 гектар жерді иелігіме алдым. Бос жатқан жерлерді тиімді пайдалануды жөн санаймын, – дейді «Ерасыл» шаруа қожалығының жетекшісі Ержан Нұртазин.

Айта кетейік, «Ерасыл» шаруа қожалығы 2020 жылы құрылған. Бүгінде 15 адамды жұмыспен қамтыған. Бұдан бөлек, ауыл жастарын еңбекке баулып, алдарына азын-аулақ мал беріп отыр. Адал жұмыс атқарған азаматтарға, қаладан бірнеше пәтер алып берген. Үш бірдей бордақылау алаңын салған. Қазір қолында 300-ге тарта сиыр мен жылқы бар. Фермер шаруашылық жұмыстарына, ауыл жастарын тартқан. 5 жылдық келісімшартқа отырып, жоғары жалақы төлеп, сонымен қоса, мал беріп, оны көбейтіп алуға мүмкіндік жасауда. Осылайша, ауыл азаматтарының болашақта жеке фермер болып қалыптасуына үлкен септігін тигізіп отыр.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

СУРЕТТЕ: «Ерасыл» шаруа қожалығының жетекшісі Ержан Нұртазин. Шет ауданы тұқым сараптама бөлімінің меңгерушісі Гүлшара Махамбетчина және Ақтоғай ауданы ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Нұрланбек Жаңабегенов.

Сурет автордан



Халық аманатына адал институт

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен қатар, бірнеше шақырылымның депутаттары болған Серғазы Әдеkenов, Қадша Оспанова, Мұрат Әбілов, Бейбіт Досжанов, Ермек Әбділин, Иван Георгиади, Ойрат Нұрқазов, Мира Махатчина, Виктор Щетиннің есімдерін атады.

— Осы ретте өздерінің аумақтарында еңбек етіп жүрген Рашид Әбеуов, Асхат Әли, Өміржан Баймағанбетов, Алтынтөре Бөкенов, Қуаныш Жүнісбеков, Алтай Иса-таев, Алексей Ломакин, Жамала Мамерханқызы, Ахат Мүсілімов, Қанат Саққұлаков, Саят Социал, Данияр Сәкенов сынды депутаттарды атап өту керек. Мәслихат халық пен билік арасында алтын көпір бола отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелерін шешуге ықпал етеді. Өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестеріңіз үшін баршаныңызға алғыс айтамын. Алдағы уақытта бізді жаңа жетістіктер мен табысты жобалар күтіп тұрғанына сенімдімін. Бірінші шақырылымнан бастап, барлық депутаттарды мерейтоймен құттықтаймын, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық және толағай табыс тілеймін, — деді облыстық мәслихаттың төрағасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған күрделі реформалар елдегі саяси өзгерістерге тың серпіліс бергені рас. Депутаттарды сайлау процесін жандандырып, саяси бәсекелестікті күшейтті. Қазіргі сегізінші

суынсыз бүгінде өңірлік дамудың мәселелерін толық шешу мүмкін емес.

Облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков те мұны растады.

— Осы жылдар ішінде мәслихаттар халықтың өзекті мәселелерін жеткізетін күшке ие болды. Оның мәртебесі мен беделі күшейді, құзыреті де кеңейді. Біздің сіздермен бірлесіп атқарған қызметіміз аймағымыздың дамуына ықпал етті. Мәслихат депутаттарының II Республикалық форумы мәслихаттардың демократиялық қоғам құрудағы орны мен маңызын одан сайын айқындай түсті. Форумға қатысқан Мемлекет бас-

ететінін тілге тиек етті. Ол мәслихат депутаттарының II Республикалық форумында айтылғандай, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ықпал ету тетіктерін кеңейту қажеттігіне тоқталды. Рысқали Қалиақпарұлының 2016 жылдан 2017 жылға дейін Қарағанды облыстық мәслихатын басқарғанын облыс халқы біледі. Ол Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты да болды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының академигі, профессор, «Ауыл» партиясының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы, облыстық мәслихаттың



органды басқарады.

Облыстық мәслихат әйел заты мен жастар үшін барынша ашық. Бүгінгі күні мәслихаттар қалалар мен аудандарды дамыту жоспарларын ғана емес, сондай-ақ, заңнамалық бастамалар жобаларын әзірлеуге және іске асыруға белсенді қатысады.

Облыстық мәслихат депутаттары, аумақтық мәслихаттардағы әріптестері республиканың заңнамалық актілеріне өзгерістерді талқылау жөніндегі Қазақстан Республикасы Парламентінің жұмыс топтарының мүшелері болып табылады. Осы арқылы атқарушы органдардың жұмысында ашықтық артты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады» деп атап өтті. Мәслихат депутаттары халық қалаулысы ретінде жергілікті жерлерде үлкен күшке, ықпал ету тетігіне ие болуы тиіс.

Бүгінде облыстық мәслихат депутаттары облыс әкімі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрамына ғана емес, сонымен қатар, облыстық бюджет комиссиясының, жобалық-сметалық құжаттамалар жобаларына түзетулер енгізудің мақсаттылығын қарау жөніндегі жұмыс топтарының мүшелері болып табылады.

Дөңгелек үстелде Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай арнайы шығарылған облыстық мәслихаты туралы энциклопедия таныстырылды. Мәжіліс де-

әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен мінсіз еңбегі үшін Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасын облыстық мәслихаттың бірақатар депутаттарына табыстады. Оның ішінде, Серғазы Әдекеңов, Қадша Оспанова, Ермек Әбділин, Ерден Халилин, Гамаль Тоқсамбаев, Мира Махатчина, Зара Шалабаева бар. Сонымен қатар, Иван Георгиади, Игорь Жабяк, Александр Куприенко, Андрей Ляпунов, Шахмұрат Танкебаев, Алмағұл Жұмахметова да марапатталды.

Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен облыстық мәслихат депутаттары Аян Әбдікәрімов, Сейфул-мәлік Қазитов, Айтбай Жұмағұлов, Меруеш Башай, Абсәлім Карин, Әлібек Алпыспаев, Асқар Оразбеков, Евгений Булаев, Андрей Сокульский марапатталды. Бірақатар депутаттарға Қарағанды облыстық мәслихатының Алғыс хаты табысты. Олардың қатарында Алтынай Есқалиева, Жазықен Томпинов, Алмағұл Әсеров, Наталья Вольф, Тілеубек Камалиев, Әли Ахметов, Амангелді Жүнісбек, Гаухар Тоқушева сынды қазіргі шақырылым депутаттары мен облыстық мәслихат аппаратының өткен шақырылымдарының қызметкерлері бар.

Бұдан бөлек, Қарағанды облысының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін «AMANAT» партиясының қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасы, осы партияның Алғыс хаты, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы облыстық филиалының «Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл – ұлылар ұрпақтары» медалі, осы партияның Алғыс

Бүгінде ауылдық мектептердің жағдайы әлдеқайда жақсы. Өрине, қалалық мектептерді басып озды дей алмаймыз. Десе де, ауыл балаларының олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысуына мүмкіндік жасалды. Ауыл балаларының арасында да олимпиадалар өткізіледі қазір. Балаларға арналған сауықтыру лагерлерін ашуды қолға алдық. Тағы бірде шала туған балаларға көмек қолын создық. Мұның барлығы – менің депутат ретінде қолға алған істерім. Депутаттар қарапайым халықтың өтінішін, талап-тілегін билік өкілдеріне жеткізе алуы керек. Ол осы жолда өзінің білімін, тәжірибесін, табандылығын көрсетуі қажет. Себебі, халық оларға сенім артып, «Бір өзгеріс болар»



шақырылымның барлық деңгейдегі депутаттары жаңа жағдайларда жұмыс істеп жатыр деуге болады. Облыстық мәслихатта бүгінгі таңда ұсынылған алты саяси партияның – «AMANAT», «Ақ жол», «Ауыл», «Байтақ», «Қазақстан коммунистік партиясы» және «Respublica» өкілдері халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін қорғап, қажеттіліктерін ескереді. Қазіргі уақытта облыстық мәслихатта 36 депутат бар. Оның ішінде, 18-і бір мандатты округтер бойынша тәуелсіз өзін-өзі ұсынушылар екенін ерекше атап өткен жөн.

Мәслихат депутаттары талқыланатын кез келген мәселе бойынша тұщымды пікірлерін ұсынады. Саяси көзқарастарын білдіреді. Бюджетті қалыптастыру және атқару, тұрғындарды медициналық және әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, жолдарды, тұрғын үй шаруашылық объектілерін жөндеу және салу, ұлттық жобаларды іске асыру, өңірлерді дамыту жоспарларын бекіту және облысты дамытуға бағдарланған басқа да мәселелер бүгінгі депутаттық корпусының назарында. Әр мәселе бойынша айтылған ұсыныстар мен пайым, пікірлер мәслихаттың қабылданған екі жүзден астам шешімдерінде көрініс тапты. Өрине, бұл ретте бюджет мүмкіндіктерін ескерілетіні сөзсіз. Бұл – аудандық және қалалық деңгейдегі мәслихаттармен, жергілікті атқарушы органдармен сындарлы ынтымақтастықтың көрінісі.

Халықтың өмір сүру сапасын арттыру және өңірдің өркендеуі – атқарушы және өкілді органдардың ортақ мақсаты. Өрине, мәслихаттардың өкілдіктерімен сындарлы өзара іс-қимылы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында және демократиялық қағидаларды нығайтуда жасампаз рөл атқарады. Олардың қаты-

шысы өз сөзінде мәслихаттардың қоғамды демократияландырудағы, саяси бәсекелестікті күшейтудегі ролін атап өтті. Өзара әріптестік жалғасын тауып, өңірдің дамуы үшін бірге еңбек ете берейік. Бұл жолда әрқайсыңызға денсаулық, табыс тілеймін, — деді Ораз Қайсаұлы.

Астана қаласы сайлау комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабеков те жылы лебіздерін білдірді. Бейсембай Қуанышұлы Қарағанды облыстық мәслихатын 2007 жылдан бастап, 2013 жылға дейін басқарған болатын. Қарағанды облыстық мәслихатын 2013 жылдан 2016 жылға дейін басқарған Нұрлан Дулатбеков сөз алып, мәслихаттар халық пен билік арасындағы алтын көпір екенін айтты.

— «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты азаматтардың мемлекетпен сапалы кері байланысын орнатуды көздейді. Жергілікті өкілді органдардың депутаттары халық пен билік арасындағы алтын көпір болып табылады. Депутаттық корпус жұмысының құзыреттілігін, кәсіптік және білім деңгейін арттыру халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын іске асыру да нәтижеге алып келеді. Әр депутат өзі сайланған округке қарайласып, оның тұрғындарының мәселелеріне құлақ асуы тиіс, — деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Сөз алған Қарағанды облыстық мәслихатының бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі Рысқали Әбдікерем жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық дербестігін арттыру бюджет қаражатын тиімді болу, ауылды жерде өмір сүру сапасын арттыру мәселелерін шешуде халықтың ролін күшейтуге ықпал

ең бірінші шақырылымынан бері депутат болып келе жатқан Серғазы Әдекеңов те жиналғандарды құттықтады.

Облыстық мәслихаттың VI-VIII шақырылымдарының депутаты, «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция басшысы Бекзат Алтынбеков «Депутат болу – аманат» деп мәлімдеді.

— Депутаттар – көзге көрінбейтін майданның қатысушылары. Кейбіреулер «Осы депутаттар не істейді?» дейді. Олар халықтың әл-ауқатын арттырып, берекесін сақтап, қоғамның тұтастығы мен тағулығын нығайтуға еңбек етеді. Қазіргі қаңтар оқиғасын ешкім ұмыта қойған жоқ шығар. Сол уақытта облыстың барлық деңгейдегі депутаттары халықпен бірге болып, тікелей әңгімеге барып, басу айтты. Аймақта халық қаражатына салынған бірде-бір ғимараттың қирамай, бірде-бір бұтаның сынбай, бірде-бір әйнектің сынбауы депутаттардың еңбегінің арқасында екенін бірі білсе, бірі білмейді. Халық атынан сөйлеген соң біз олардың аманатын аркалап жүрміз деген сөз. Халық аманатына берік болайық, ел алдында жүзіміз жарқын, еңсеміз биік болатындай еңбек етейік, — деді Бекзат Қомарұлы.

Облыстық мәслихаттың IV, V, VI, VII шақырылымдарында депутат болған Айман Тұқбаева өзінің депутаттық қызметіне балалардың мәселесіне мән бергенін айтады.

— 16 жыл бойы облыстық мәслихат депутаты болдым. Ауыл мұғалімі ретінде ауылдық жерлердегі білім беруге, балаларды жан-жақты дамытуға қатысты мәселелерді қозғадым. Мәселен, менің бастамамен 2001-2010 жылдар аралығында ресурстық орталық, тірек мектептер пайда болды.



деп күтіп отырады. Сол сенімнен айырылмау өте маңызды, — дейді Айман Бекболатқызы.

Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы Асхат Әли барлық деңгейдегі мәслихаттардың жұмысы үйлесімді болса, ең өзекті міндеттерді шешуге мүмкіндік беріледі деп санайды.

— Сессия қызметінің негізгі нысаны ретінде мәслихаттар жұмысында басты орын алады.

Облыстық мәслихат депутаттары облыстың қалалары мен аудандарының мәслихаттарымен бірлесіп қаралатын мәселелер бойынша сессиялар барысында дұрыс шешімдер табуға бар күш-жігерін бір арнаға тоғыстырады. Шешімдердің жобалары өңірлердегі әріптестердің тікелей қатысуымен облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен жұмыс топтарында алдын ала пысықталады. Бірлескен өзара іс-қимыл ортақ мақсатқа жеткізеді, — деді ол.

Асхат Сағадидұлы да бірнеше шақырылымдардың депутаты. 2016 жылдан бері жергілікті өкілді

путаты Құдайберген Бексұлтанов пен Серғазы Әдекеңов салтанатты түрде қызыл лентаны қиды.

Шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, энциклопедия қалыптасуы мен дамуының басты кезеңдерін бейнелейді. Онда I шақырылымнан бастап, қазіргі VIII шақырылымға дейінгі депутаттардың қызметі туралы иллюстрацияланған ақпарат, олардың өмірбаяны мен қазіргі шақырылым депутаттарының сессиялардағы сөздері келтірілген. Жақын арада энциклопедия жалпы жұртшылық үшін облыс аудандары мен қалаларының, жоғары оқу орындары мен мұрағаттарының кітапхана қорларына жіберіледі.

Жасалған баяндамалар мен айтылған ұсыныстар дөңгелек үстелдің қорытындысы ретінде жинақтамаға енгізілетін болады. Негізгі бөлімнен кейін марапат тапсыру рәсімі өтті.

Ораз Тәуірбеков Қарағанды облысы әкімінің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және

хаты табысты.

Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдық мерейтойына арналған салтанат Кеншілер мәдениет сарайында жалғасын тапты. Онда да бірқатар марапат өз иесін тапты. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, Қазақстан Республикасы Мәжілісінің Алғыс хаты, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволық марапаты табысты.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтанов, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов, облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков. **2.** Облыстық мәслихат депутаты Серғазы Әдекеңов және Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтанов. **3.** Марина Шиллер, Ермек Әбділин. **4.** Марапат иегерлері.

Суреттерді түсірген **Александр МАРЧЕНКО**

«АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК»

Табанды еңбек табысқа жетелейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың өсімін қамтамасыз етіп, инвестициялық тартымдылығын арттыруда 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалап, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттауға мүмкіндік береді. «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді» деп атап өтті Президент.

Осы орайда облыстағы жұмысшы мамандығында білім алатын жастардың басшысы, Қарағанды машина жасау колледжінің директоры Владимир Закомолкинге бірнеше сауал жолдаған едік.

– Қарағанды машина жасау колледжінің тарихын жақсы білеміз. Биыл білім ордасы 70 жылдығын атап өтті. Қазіргі таңда колледжде атқарылып жатқан заманауи, жаңа бағыттағы жұмыстарға тоқталып өтсеңіз? Мәселен, «Жас маман» жобасы...

– 2019 жылы «Жас маман» жобасы іске асты. Жобаның мақсаты – 100 сұранысқа ие мамандық бойынша 180 колледж бен 20 жоғары оқу орнын жаңғырту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу. Жобаны іске асыру 2021 жылы басталып, біздің колледж «Жас маман» жобасына «Токарлық іс және металл өңдеу» мамандығы бойынша қатысты.

«Жас маман» жобасы аясында колледжде техниканың соңғы үлгісі бойынша жабдықталған шеберханалар мен оқу кабинеттері жаңғыртылды. Материалдық-техникалық базаны жаңғырту еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрларды даярлауға мүмкіндік берді.

Жаңа жабдықты сатып алудан басқа «Жас маман» жобасы шеңберінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленді.

«Жас маман» жобасын іске асыру барысында «Токарлық іс және металл өңдеу» мамандығы бойынша құзыреттілік орталығы ашылды. Заманауи жабдықтармен жабдықталған зертханалар, шеберханалар іске қосылды.

– 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Техникалық бағыттағы білім ордасы ретінде келер жылға қандай үлес қоспақсыздар?

– Мемлекет басшысы адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек екенін айтты. Сондықтан, «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келетін мамандар даярлауға міндеттіміз. Біз еңбек адамының мәртебесін көтеру арқылы жұмысшы мамандықтарын да насихаттаймыз. Осы орайда жаңа оқу жылында еліміздің колледждерінде мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі 145 мың орынға дейін артты. Оған қоса Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің болжамына, 2030 жылға қарай жоғары білімді мамандарға қарағанда кәсіптік-техникалық білімі бар мамандарға сұраныс 1 миллионға жуықтайды. Колледжде келесі оқу жылында жаңа жұмысшы мамандығы ашылмақ. Әлеуметтік серіктестердің сұранысы бойынша кәсіпорындарда жұмысшы мамандықтардың жетіспеуіне байланысты «Жабдықты баптаушы» мамандығы бойынша студенттерді қабылдау жоспарда.

– Мемлекет басшысы атап өткендей, жұмысшы мамандықтарын танымал ету, еңбекқорлық пен кәсібилік идеяларын ілгерілету маңызды. Колледж бітірген түлек қоғамда еңбекқор, кәсібилік сияқты қасиеттерінің өте жоғары бағалануы үшін неден бастағаны жөн?

– Колледж қабырғасында оқып жүрген кезден бастап, белсенділік көрсету қажет. Ол үшін әрдайым өз мамандығы бойынша ізденісте болып, кәсіби сайыстарға қатысқаны жөн. Кәсіби тәжірибе өту кезінде өзін жақсы жағынан көрсетіп, кәсіпорын жұмыскерлерімен тіл

табыса білуі керек.

– Жалпы, колледж студенттерінің жұмысшы мамандықтарына қызығушылығы қандай? Сіздердің түлектер бірден жұмысқа орналаса ма? Республикадағы, облыстағы қандай зауыт, фабрикалардан сұраныс басым?

– Қоғамда жұмысшы мамандықтарына қызығушылық жоғары деп айта алмаймыз, себебі, жұмысшы мамандығының мәртебесі төмен. Дегенмен, біздің колледж түлектері бірден жұмысқа орналасады. Оған біздің колледждегі дуальды оқыту жүйесі көмектеседі. Студенттер оқу барысында көп уақытын кәсіби тәжірибе алуға жұмсайды. ІІ курстан бастап, жұмыс орнымен танысады. Қарағанды қаласында орналасқан «Мэйкер-КЛМЗ» ЖШС, «Құрылысмет» ЖШС, «КТМЗ» ЖШС, «Лека» ЖШС, «Борусан Машина» кәсіпо-



рындарында біздің түлектер қызмет атқарады.

– Кеңбейінді станокшылар немен айналысады? Олардың бір күндік жұмысын сипаттап беріңізші?

– Кеңбейінді станокшы станокта металл өңдеу ісімен айналысады. Мысалы, бір бұйым жасау үшін кеңбейінді станокшы бұйымның сұлбасымен танысады. Одан кейін станокты жұмысқа дайындайды. Сұлба бойынша өлшеу құралдарын қолдана отырып, бұйымды жасап шығарады. Қазіргі таңда кез келген салада



станокшының жасаған бұйымы сұранысқа ие.

– Жыл сайын Жұмысшы мамандықтарына баулитын «WorldSkills Karaganda» облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты Қарағанды машина жасау колледжінде өтеді. Жалпы, қарағандылық жастардың байқауға қатысудағы қарқыны қандай?

– Биыл колледжіміздің 70 жылдығына орай WorldSkills Karaganda сайысы колледж базасында «Сандық басқармамен басқарылатын станоктардағы жұмыстар» құзыреттілігі бойынша өтті. Оған облыс колледждерінен 7 студент қатысты. Байқау барысында мықты студенттер

анықталып, республикалық байқауға жолдама алды. Ерекше көзге түскен Қарағанды машина жасау колледжінің түлегі Диас Сабырхан республикалық байқауға жолдама алды. 11-18 қарашада өткізілген республикалық WorldSkills Kazakhstan-2024 сайысында студентіміз ІІІ орынға ие болды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Аяулым СОВЕТ «Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер автордан

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Колледж студенттерінің өндірістігі тәжірибесі. 2. Станок қызметімен танысу барысы. 3. WorldSkills республикалық байқауының жеңімпаздары

Жастарға жұмыс та, грант та бар

Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтары жылымен» қатар «Жас маман» жобасы аясында нақты жұмыстарды қолға алуды тапсырды. Сондықтан, бүгінде кәсіптік-техникалық білім беретін колледждер тек маман даярлаумен айналыспайды. Түлектерді жұмыспен қамтып, дамуын қатар қадағалайды. Қазіргі таңда облыста колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші – 88%. Оның ішінде, «Жас маман» жобасы аясында мемлекеттік тапсырыстың 60%-ы техникалық мамандықтарға бағытталған. Бұл тізімде металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік саласы бар. Ескірген кәсіп түрлері қысқарып, орнына жаңа мамандықтар қосылуда.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Дуальды оқыту – 40 колледжде

Білім басқармасындағы техникалық кәсіптік білім беру бөлімінің меңгерушісі Индира Ысқақованың айтуынша, бүгінде түлектерді жұмыспен қамтумен қатар, гранттар саны артып келеді. Бұл «Жас маман» жобасы аясында жүзеге асқан.

– Облыста 54 колледж бар, 32 766 студент оқиды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 22 404 адам білім алуға. Тапсырысы өткен жылмен салыстырғанда 1 100 орынға артты. Кадрларды дайындау 126 мамандық және 178 біліктілік бойынша жүзеге асырылады. Атаулы мемлекеттік тапсырыс 759 студентті қамтитын 10 колледжде орналастырылды. Мақсатты мемлекеттік тапсырыстар бойынша 31 кәсіпорынмен келісімшарт жасалды, – деп атап өтті техникалық кәсіптік білім беру бөлімінің меңгерушісі.

Бүгінде дуальды оқыту 40 колледжде (30 мемлекеттік, 10 жекеменшік) 300-ге жуық кәсіпорынның қатысуымен және 6 572 адамды қамтиды. Бұл мемлекеттік тапсырыс бойынша барлық контингенттің 25%-ын құрайды. Тәлімгерлерге де өндірістен қосымша ақы төлеу шаралары қамтылды. Оған қоса дуальды оқыту кезіндегі тағылмайамадан өту мерзімі студенттің еңбек өтіліне есептеледі.



Колледждерді дамытудың стратегиялық жоспарларын ескере отырып, 2025-2026 жылдары «Полимер өндірісінің технологиясы», «Жылыжайдың мүлкі басқару», «Газбен жабдықтау жүйелерін орнату және пайдалану», «Жаңа мамандықтарға лицензия алу жоспарлануда. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың инженерлік жүйелерін орнату және пайдалану»,

«Ет және ет өнімдерін өндіру» мамандықтары да облыс колледждерінде оқытылуы мүмкін.

«Жас маман» жарап тұр

Бүгінде облыста кадрларды сапалы дайындау мақсатында «Жас маман» жобасы бойынша жабдықталған 9 және сәйкес оқыту профилі үшін 45 магниттік колледж анықталды.

Білім, құрылыс, көлік, энергетика, IT және коммуникациялар, тау-кен өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты 8 жетекші бағыттағы колледждерді кластерлеу (Құзырет орталығы) жұмыстары басталды. Әрбір сала бойынша колледждердің облыстағы мектептермен, кәсіпорындармен өзара байланысы көрініс тапқан. Түгендеу колледждерінде одан әрі профильдеу жұмыстары жүргізілді. Бұл барлық оқу және өндірістік куаттарды салалық оқу орындарында шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Мәселен, бүгінде Қарағанды машина жасау колледжінде техник-технолог, жөндеуші-слесарь, металл құрылымдарын құрастыру жөніндегі слесарь, кеңбейінді станокшы, электрғазымен дәнекерлеуші, бағдарламалық басқарылатын станоктардың операторы мамандықтарын оқыту жолға қойылған.

– 2019 жылы «Жас маман» жобасы іске асты. Жобаның мақсаты – 100 сұранысқа ие мамандық бойынша 180 колледж бен 20 жоғары оқу орнын жаңғырту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу. Жобаны іске асыру 2021 жылы басталып, біздің колледж «Жас маман» жобасына «Токарлық іс және металл өңдеу» мамандығы бойынша қатысты, – деді Қарағанды машина жасау колледжінің директорының орынбасары Берікбол

«Жас маман» жобасы аясында бүгінде колледжде техниканың соңғы үлгісі бойынша жабдықталған шеберханалар мен оқу кабинеттері жаңғыртылды. Материалдық-техникалық базаны жаңғырту еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрларды даярлауға мүмкіндік берді.

Жаңа жабдықты сатып алудан басқа «Жас маман» жобасы шең-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

берінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленді.

Сондай-ақ, жобаны іске асыру барысында «Токарлық іс және металл өңдеу» мамандығы бойынша құзыреттілік орталығы ашылды. Заманауи жабдықтармен жабдықталған зертханалар, шеберханалар іске қосылған.

WorldSkills чемпиондары

Жұмысшы мамандықтарына баулитын «WorldSkills Karaganda» облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты жыл сайын Қарағанды машина жасау колледжінде өтеді. Жалпы, қарағандылық жастардың байқауға қатысудағы қарқыны мықты. Ерекше көзге түскен Қарағанды машина жасау колледжінің түлегі Диас Сабырхан республикалық WorldSkills Kazakhstan-2024 сайысында ІІІ орынға ие болды.

Осыған қарап, колледж студенттерін дамыту мақсатында облыста WorldSkills халықаралық шеберлік чемпионатына дайындық белсенді жүретінін ескерген жөн. Сондай-ақ, жыл сайын жұмысшы мамандықтарының фестивалі өтеді. Жастар фестивалінде жобаларын таныстырады. Белсенділері чемпионатқа барады. Өткен жылы Саранда Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған фестивалге Қарағанды теміржол колледжі де қатысты. Студенттерді тоғыз мамандық бойынша оқытатын білім ордасы «Жас маман» жобасы бойынша қажетті жабдықтармен қамтылған.

– Студенттерді теміржол саласының барлық мамандықтары бойынша оқытамыз. Жергілікті оқушыларды колледж мамандықтарымен таныстыру үшін фе-

стивальдерге барамыз. Оқу орнын өз көздерімен көріп, күнделікті өмірге ену үшін виртуалды шындық көзділігін апардық, – дейді Қарағанды теміржол колледжінің оқытушысы Индира Төлеуханова.

Сондай-ақ, Қарағанды техника-құрылыс колледжінің шебері Әсемнұр Әділхан өзі жасаған сәндік-қолданбалы өнер туындыларын ұсынған.

– Фестивальге суреттер, зергерлік бұйымдар, тұмарлар, білезіктер, сырғалар ұсындым. Бәрі қазір сұранысқа ие, өйткені, қолдан жасалған бұйымдар оны тұтынатын адамды басқадан ерекшелендіріп тұрады. Колонерді үйрену арқылы тәуір табыс табуға болады, – дейді оқытушы.

«Жас маман» жобасының арқасында өндірістігі колледжде әлемдік деңгейдегі соңғы үлгідегі құрал-жабдықтарға ие болып, студенттер кәсіби деңгейін көтерген. Фестивальге белсенді қатысқандар чемпионатқа да жолдама алды. Естеріңізде болса, «WorldSkills Kazakhstan-2022» республикалық чемпионатында Қарағанды облысы бірінші орынды иеленген болатын.

2023 жылы облыс қоржыны екі күміс және екі қола медальмен толықты. «Веб-технологиялар» бойынша Қарағанды жоғары техникалық колледжінің студенті Дарын Ақышев күміске қол жеткізген. Қазіргі таңда Дарын веб-сайт жасаумен айналысады.

Бүгінде облыстың білім беру бағдарламаларына 50-ден астам WorldSkills стандарттары енгізілді. Колледждердің 60%-ы жаңа бағалау жүйесі демо емтихандарды енгізуде. 28 техникалық-технологиялық колледждің 17-сі демонстрациялық емтихан түрінде біліктілік емтихандарын өткізіп үлгерді.

Сурет ашық дереккөзінен



• КЕЗДЕСУ

Ақын өмір һәм өлең жайлы

Ақын, «Ар, рух» кітабының авторы, Қазақстан Жазушылар одағын жұрты бір өлеңімен жалт қаратып қабылданған Руслан Нұрбай оқырманымен жүздесті. Кездесу кеші Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында өтті. Өлең оқылды, оқырманнан сауал жолданды. Ақын өмір һәм өлең жайлы толғанды.

түлеп ұшты. Атап айтсақ, Мираc Асан, Қуаныш Медеубаев, Жәнібек Әлиман, Ерболат Қуатбек, Рауан Қабидолдин секілді бүгінде есімін ел таныған ақындар. Бұл еңбегін кітапхана директоры Нұргүл Қаленова атап өтті.

– Құрметті Руслан Нұрбай, шығармашылығыңыздан бөлек қайраткерлігіңізді де атап өткім келеді. Сіз «БОТА» клубының басы-қасында жүргенде, талай каламгерге жол нұсқадыңыз. Жас каламгерлер сізге қарап, бойтүзеді. Тау суындай күркіреп өлең оқығанда, өлең десе, ішкен асын жерге қоятын оқырман жалт қарайтын. Сізге шалқар шабыт тілеймін! – деді Нұргүл Қаленова.

Шарада ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Салтанат Смағұлова мен жазушы Сұлтан Дәулетхан, ақын Қайрат Иманбек, ел газеті «Egemen Qazaqstan» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Қасымхан Ғалым, жас ақын Бекзат Берістем, жас ақын Бектас Жұман құрметті мейман болып, Руслан Нұрбайдың шығармашылығы хақында жылы лебіздерін білдірді, өлеңдерін оқыды. Бекзат Берістем «БОТА» клубы жастарының атынан ақынға сыйлық табыстады.

Руслан Нұрбай өлеңдерін іздеп жүріп оқытын оқырмандарының сауалдарына жауап беріп, жалынды жырларын оқыды.

Сурет ұйымдастырушылардан



Эрік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Руслан Нұрбай – Қарағандыға тың тыныспен келген толқынның ірі өкілі. Ақынның өлеңдерін жұрт бұл күнде жатқа оқыды. «Үш әріп», «Қарқаралы вальс», «Алтын адам» атты жырлары Алаштың өлең сүйер қауымына етене

танасы. Кездесу кешінің Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында өтуінде мән бар. Руслан Нұрбай бір кезеңде халқының аулы азаматы болған марқұм Мартбек Токмырза кітапхана жанынан негізін қалаған «БОТА» клубын басқарған. Сол жылдарда рухани шаңырақтан каламгерлердің жас толқыны

• БӘРЕКЕЛДІ!

Комидан қола бұйырды

Тәттімбет атындағы өнер колледжінің «Халық аспаптары» бөлімінің ІІІ курс студенті Елдар Мақсұтбеков Коми Республикасының Сыктывкар қаласында өткен ІІІ Халықаралық Дельфий ойындарында «Ұлттық аспаптар» аталымы бойынша ел намысын қорғап, қола медальды қанжығалап қайтты.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға әлемнің түпкір-түпкірінен 600 өнерпаз қатысты. Алайда, қарағандылық оғлан бағу басым болып, әлемдік додадан олжамен оралды. Бұл байқауға Елдар жайдан-жай қатыса салған жоқ. Ол сайысқа қатысу үшін Қазақстан Республикасының XV ұлттық жастар Дельфий ойындарының республикалық іріктеу кезеңінің І орыннан жеңіп алып, жолдама иеленгенді. Осылайша, дайындық

пен тер төгудің арқасында әлем назарындағы сайыста сайыпқыран атанды.

Қарағандылық өнерпаз Astana-мегеу Халықаралық орындаушылар байқауында І орын, ІҮ республикалық «Домбыра – Дастан» дәстүрлі күй байқауында да бас жүлде алып жүрген талантты жастар қатарында екенін атаған ләзім.

Сурет кейіпкерден



• ХОККЕЙ

Әркім кубоктан үмітті

«Сарыарқа» хоккей клубы Қазақстан чемпионаты аясында көкшетаулық «Арланмен» ойнады. 27-28 қарашада өткен екі матчта да қырандар жеңіске жете алмады. Бұл жолы «Арландардың» жұлдызы жарқырады. Екі ұжым да чемпионат кестесінің үздік үштігінде тұр.

Эрік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Үздік үштіктегі командалардың ойындары үнемі тартысты өтетіні анық. Себебі, әркімнің кубоктан дәмесі зор. Қазақстан кубогына барар жолдан қарағандылықтарды тайдырған дәл осы «Арлан» екені жанкүйерлердің есінде. Бұл матч кеткен есені қайтаруға таптырмас мүмкіндік еді. Өз алаңында қарсыласқа тағы да есе жіберді. Бірінші ойында алаң иелерінің қақпасын Жәкен Ибрагимов қорғады. Қарағандылықтар шабуылға лап берді. «Арлан» қақпасына өткен аптада Қазақстан чемпионатының үздік ойыншысы атанған «Сарыарқа» шабуылшысы Артем Валеев шайба тоғатты. Бірақ, қонақтар жүйелі түрде қарымта шабуыл ұйымдастырып, есепті теңестірді.

Екінші кезеңде «Сарыарқа» бір ойыншыға кем ойнады. Қарсылас болса, бұл басымдықты тиімді пайдаланып, есепте алға шықты. Дмитрий Стуловтың алыстан



жасаған соққысын Артем Валеев қақпаның ашық тұсына дәл бағыттады. Қарағандылық қырандар 5 ойыншыға үшеуі жүріп ойнаған минуттар да болды. Дегенмен, лайықты қарсылық көрсете алып, ірі есеппен ұтылуудан аман қалды.

Үшінші кезеңде тартыс күшейді. Ойыншылар мұз айдынында қақтығысып жатты. Тіпті, қлошқалар да сынды. Уақыт өткен сайын қысым күшейе берді. «Са-

рыарқа» шабуылшысы Никита Баженов алыс қашықтықтан соққы жасап, таблодағы есепті 3:3 етіп теңестірген еді. Матчтың соңғы минуттары алаң иелеріне қиын соқты. Бірақ, Жәкен Ибрагимов өз командасын бірнеше рет құтқарды. Негізгі уақыт тең аяқталды.

Овертаймда «Сарыарқа» қарсыластың қақпасына гол соқты. Бірақ, төрешілер есепке алмады. Буллиттер сериясында сәт-

• ТУРНИР

Тастаяқ шеберлері анықталды

Қарағандыда облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен ардагерлер арасында бильярдтан облыстық турнир өтті. Бұл турнир Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері Қали Аманбаев пен Камали Дүйсембековтің 100 жылдығына арналған. Ашылу салтанатына облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов арнайы қатысып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді.



Эрбол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Турнирге аймақтан 16 ардагер қатысып, финалдық жолдаманы сарапка салды. Турнирге қатысушылардың қатарында «Тентекская» шахтасының ардагері Ислам Муслимов те бар.

– Ардагерлер арасында өтетін барлық іс-шаралардан қалмауға тырысамын. Өз басым бильярд турниріне бірінші рет қатысып тұрғаным жоқ. Осындай іс-шаралардың арқасында ардагерлермен басымыз бір қосылып қалады. Бәрінің көңіл күйі тамаша. Турнирді ұйымдастырушыларға алғысымды айтатын, – деді ол.

«Шахтерская слава» орденінің толық кавалері, Құрметті шахтер Геннадий Чахов та бүгінгі турнирге қатысушылардың қатарында. Ардагеріміз 49 жыл өмірін жер астында өткізген. Жасы 85-ке келсе де, бірде-бір мәрте бильярд турнирін жібермеген.

«Достық» бильярд клубының бір бұрышына майдангерлердің суреттері де қойылған.

Қали Аманбаев Қарағанды студиясының ең бірінші директоры. 1942 жылы майданға аттанып, «Орал-Курск» жауынгерлік операциясына қатысады. 1950 жылы әскери қызметін өтегеннен кейін Қарағанды тау-кен техникалық училищесі директорының орынбасары

қызметіне тағайындалған. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, КСРО-ның құрметті радиоисті. Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденінің иегері. «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» және «Құрмет» орденін кеудесіне таққан. Ал, Камали Дүйсембеков Ұлы Отан соғысының ардагері, әрі Сталиндік шайқастың қатысушысы. «Даңқ» орденінің толық кавалері. Бірінші және екінші дәрежелі «Отан» соғысының, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» орденінің иегері. Бұқар жырау, Жаңарқа және Шет ауданында лауазымды қызмет атқарды. Сонымен қатар, облыстың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосты. Ерен еңбегі елеусіз қалмай, Қарағанды облысының, Қарағанды қаласының және Шет ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Қос батырдың осы және басқа да қыры жайында жазылған құнды жазбалар да көпшілік назарына ұсынылды.

Жарыс қорытындысы бойынша І орынды көмір өнеркәсібінің ардагері Виктор Фролов иеленді. Ал, ІІ орын қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Анатолий Бакаевке бұйырса, ІІІ орынды ардагер кенші Әсет Торжанов иеленді.

СУРЕТТЕ: солдан оңға қарай ардагерлер Ислам Мүсілімов, Аман Жангожин, Анатолий Бакеев, Сүйіндік Жанысбай.

Сурет ұйымдастырушылардан

тілік қонақтар жағында болды. «Арлан» «Сарыарқаны» 4:3 есебімен жеңді.

«Қарағанды-Арена» мұз айдынындағы екінші тартыс үздік голдармен, камбэкпен және ойыншы санының теңсіздігімен өткен минуттармен, буллиттермен есте қалды.

Екінші ойынның басында көкшетаулықтар бірінші болып гол соқты. Бұл жолы «Сарыарқа» қақпасы Данил Кадочниковке сеніп тапсырылған еді. Қонақтар жоғары прессингпен ойнады. Алаң иелері қарсылас қақпасын маңайлай алмай біраз уақыт өткізді. Сөйтіп, бірінші кезең қырандар үшін сәтсіз аяқталды.

Ойын тәртібін бұзғаны үшін «Сарыарқаны» ойыншылары алаңнан шығарылды. Бұл, әлбетте, алаң иелерінің ойынына кері әсерін тигізді. Шаршап қалды.

Эпизодтардың бірінде ережені бұзғаны үшін «Сарыарқа» қақпасына айып добы тағайындалды. «Арланның» шабуылшысы Кадочниковтан айласын асырды. Осы шайбамен есепті еселеген еді. Бірақ, қарағандылықтар реттеліп, жүйелі және қарқынды ойнап, есепті теңестірді. Тіпті, есепте алға шығып, камбэк жасады.

«Сарыарқанын» шабуылшысы Иван Верещагин таблодағы есепті бір шайбаға дейін қысқартты. Алаң иелерінің қарқыннан тайсалған қарсыластар ережелерді жиі бұза бастады. Қарағанды қырандарының капитаны Дмитрий Стулов есепті теңестірді.

Бірақ, көкшетаулық қасқырлар аузын көрсетті. Шабуылдардың бірінде шайба рикашет арқылы «Сарыарқа» қақпасына енді. Бұл кезеңнің нүктесін алаң иелері қойды. «Сарыарқа» форварды Артем Валеев қарсыластың қақпасына қарай жалғыз өзі өтіп, матчтың үздік голын соқты. Есеп – 3:3. Ал, жақында ғана «Сарыарқа» сапын толықтырған Қарағанды хоккейінің тәрбиеленушісі Андрей Буяльский таблодағы есепті 4:3-ке жеткізді.

Үшінші кезең бірден өткір шабуылдармен басталды. «Қарағанды-Аренаны» жанкүйерлердің шуы басты. Қырандар 5 минут бір ойыншыға артық ойнаған еді. Бірақ, арландардың қорғанысы сыр бермеді. Спортта «Сен соқпасаң, саған соғады» деген қағида бар. Міне, дәл осы қағида үшінші кезеңде көрінді. Ойыншылары толыққан бетте көкшетаулықтар есепті теңестірді және алға суырылып шықты. Кезең соңына қарай «Сарыарқа» бапкері қақпашыны шабуылшыға алмастырған еді. Максат – есепті теңестіру. Қарсылас қорғанысы бұл жолы да сәтінген жоқ. Екінші ойын 4:5 есебімен аяқталды.

1-2 желтоқсанда «Сарыарқа» «Қарағанды-Аренада» Қазақстан чемпионатының көшін бастап тұрған «Торпедамен» ойнайды.

Сурет «Сарыарқа» хоккей клубынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Ararat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӨБІДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МУҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осақаров: 8-777-073-71-13
Теміртай, Саран, Шақтин, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖЗХХ БИН 000840001412
Таралымы 4 197

№ 135 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**